

KAZENERGY INSIDE



Ministerial Conference
and 8-th International Forum



**MEETING THE CHALLENGE
OF SUSTAINABLE ENERGY**

11-14 June 2017, Astana, Kazakhstan

**KAZENERGY-де Министрлік
Конференция мен Халықаралық
форумға даярлық бойынша
жұмыстар белсенді түрде
жүргізілуде.**



**KAZENERGY атқарушы директоры
Рамазан Жампейісов Женевадағы
тұрақты энергетика жөніндегі
комитеттің мәжілісінде сөз
сөйледі.**

01 ҚАҢТАР– АҚПАН 2017

ШЫҒАРЫЛЫМДА:

- БҰҰ АТМЭӘК: KAZENERGY-дің энергетика комитеті бірінші сессиясының мәжілісіне қатысуы
- БҰҰ ЕЭК: Женевадағы «Энергетикалық ауысулар» көрмесі
- Қауымдастық кеңесі: KAZENERGY 2017 жылға арналған басты жұмыстарды жоспарлады
- Дөңгелек Үстел: «Қазақстан Республикасы мұнай өнімдерінің ішкі нарығы»

БҰҰ АТМЭӘК: KAZENERGY-ДІҢ ЭНЕРГЕТИКА КОМИТЕТІ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ МӘЖІЛІСІНЕ ҚАТЫСУЫ



**KAZENERGY қауымдастығы
Төрағасының Кеңесшісі Арман Сати-
мов Бангкокта БҰҰ ЭСКА-
ТО Энергетика Комитеті бірінші
сессиясының мәжілісінде сөз сөй-
леді.**

*Биылғы жылдың 17-қаңтарында
KAZENERGY қауымдастығы
Төрағасының Кеңесшісі Арман Сати-
мов Бангкокта БҰҰ ЭСКАТО Энерге-
тика Комитеті бірінші сессиясының
мәжілісінде сөз сөйледі.*

Биыл Энергетика Комитеті бірінші сессиясының мәжілісі 17-19 қаңтар

аралығында Таиландтың астанасы Бангкокта БҰҰ Конференц-Орталығында өтуде. Бірінші сессия мәжілісінде Азия және Азия-Тынық мұхит өңірі елдерінің бірқатар энергетикалық мәселелері, оның ішінде қалалану, индустриалдандыру және экономикалық өсу жоғары қарқында жүріп жатқан өңірде күн санап өсіп жатқан қажеттілікті қанағаттандыру үшін энергия ресурстарын өндіру және тұтынудың дамуы талқылануда.

БҰҰ Бас Хатшысының Орынбасары және ЭСКАТО Атқарушы Хатшысы Шамшад Ахтардың шақыруымен келген Арман Сатимов мәжілісте сөз сөйлеп, жиналғандарды «Тұрақты энергетика сын-қатерлерінің шешімдері» министрлік конференциясына және Тұрақты даму энергетикасы мәселелері жөніндегі 8-ші Халықаралық форумға қатысуға шақырды. Аталмыш шаралар Астанада 2017 жылғы маусымның 11-14-і аралығында өтеді. Алда тұрған конференцияның мақсаты: энергия ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге,

энергетика саласындағы ұлттық стратегияларды іске асыру бойынша саяси стимулдарды жасауға бағытталған баламалы және дәстүрлі энергетиканы баланстап дамытудың озық шешімдерін іздестіру жөніндегі ғаламдық диалог жүргізу. Диалог ағымдағы әлемдік процестерді, әлемнің болашақ энергетика жүйесіндегі дәстүрлі энергетиканың рөлін жетілдіру үшін жүргізіледі.

Сатимов біздің өңірдегі елдердің энергетикалық қиындықтары туралы айта келе, ең алдымен, экологиялық тұрақты даму жолдарын қамтамасыз ету қажеттігін атап көрсетті.

Ол қазақстандық шараларға қатысу – энергетикалық қауымдастық үшін маңызды жобаларда, оның ішінде «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасында және БҰҰ қолдауымен Халықаралық таза технологиялар және инвестициялар орталығында әрекеттестікті әрі қарай нығайту үшін тамаша мүмкіндік екеніне баса назар аударды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БҰҰ ЕЭК «ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БЕТБҰРЫСТАР» КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ



2017 жылғы 19-қаңтарда Женевадағы БҰҰ резиденциясында Тұрақты энергетика жөніндегі комитеттің 25-ші сессиясының мәжілісі шеңберінде БҰҰ ЕЭК елдеріндегі энергетикалық бетбұрыстарға арналған көрме басталды. «Энергетикалық бетбұрыстар (ауысулар)» деген термин тұрақты энергетикаға бірте-бірте көшу және «таза» технологияларды пайдалану есебінен экономикалық өсуді қамтамасыз ету деген мағынаны білдіреді.



Көрмеде төрт елдің: Қазақстан, Германия, Әзірбайжан және Украинаның тематикалық зерттеулері ұсынылды. Біздің елдің көрмелік экспозициясы алаңында «Тұрақты энергетика дамуын қамтамасыз ету» министрлік конференциясы (2017 жылғы 11-14 маусым) және 8-ші Тұрақты энергетика энергетикасы мәселелері жөніндегі халықаралық форум (2017 жылғы 8-9 қыркүйек) өтетін **ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» халықаралық мамандандырылған көрмесін** өткізуге арналды. Біздің еліміз әлем қауымдастығына энергия ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған баламалы және дәстүрлі энергетиканы баланстап дамытудың озық шешімдерін іздестіру бойынша жаһандық диалог өткізуді ұсынады. Диалог барысында ағымдағы жаһандық процестер, әлемнің болашақтағы энергетикалық жүйесінде дәстүрлі энергетиканың

алатын рөлі мен орны жете түсіндіріледі, сонымен қатар ұлттық стратегияларды іске асыру бойынша саяси стимулдар дайындалады.


Әзірбайжан «Әзірбайжан призмамен қарағанда: Энергияның өткені мен болашағы» тақырыбында зерттеулер ұсынды, Германия энергетикалық бетбұрыс тұжырымдамасын, яғни жаңармалы энергия көздеріне көшу жөніндегі ел үкіметі таңдаған бағытты ұсынды («Energiewende»), ал Украина өз кезегінде «Чернобыльдан кейінгі Украина» тақырыбында Чернобыль АЭС техногендік апат салдарына арналған зерттеулерді ұсынды.

Бұл көрмені аймақтық комиссия алғаш рет өткізіп отыр. Шараны БҰҰ ЕЭК Атқарушы Хатшысы және БҰҰ Бас Хатшысының Орынбасары Кристиан Бах, сонымен қатар БҰҰ ЕЭК Тұрақты энергетика комитеті Бюросының Вице-Төрағасы және KAZENERGY қауымдастығының Атқарушы директоры Рамазан Жампейісов ашты.



Оған қоса көрме қатысушылары алдында БҰҰ жанындағы Әзірбайжанның Тұрақты Елшісі Вагиф Садыгов, Еуропалық Әзірбайжан Қоғамының басшысы Лионель Зеттер, экономикалық мәселелер жөніндегі бөлімнің басшысы Уве Петри және Украина

Жоғарғы Радасының мүшесі Валерий Писаренко сөз сөйледі.



*БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы — Біріккен Ұлттар Ұйымының бес аймақтық комиссиясының біреуі. Оны БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік кеңесі (ЭКОСОС) 1947 жылы БҰҰ ЕЭК аймақтары ішіндегі және осы аймақ пен қалған әлем арасындағы экономикалық байланыстарды нығайту және экономикалық қызметтерді дамыту мақсатында құрған болатын.

БҰҰ ЕЭК үкімет үшін мүше мемлекеттер арасындағы іс-қимылдарды үйлестіру және пікір алмасуларды жеңілдету үшін конвенциялар, стандарттар мен нормалар әзірлейтін аймақтық форум ретінде қызмет етеді. БҰҰ ЕЭК осы атқарымдарды орындай отырып тұтынушыларға қауіпсіздік пен сапаны қамтамасыз етеді, қоршаған ортаны қорғауға көмектеседі, сауда процедурасын оңайлатады, сонымен қатар өңір ішіндегі мүше мемлекеттердің тығыз байланыстар жасауына және олардың әлем экономикасына толық интеграциялануына жағдай жасайды.

«KAZENERGY» ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ КЕҢЕСІ: БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ 2017 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСТАР – «ЭКСПО-2017 «БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫ» КӨРМЕСІН ҚОЛДАУ.



Биылғы жылдың 25-қаңтарында Тимур Құлыбаевтың төрағалық етуімен KAZENERGY қауымдастығы кеңесінің кезекті 21-мәжілісі өтті.

Бұл жыл сайын өтетін шара, мұнда қауымдастыққа мүше компаниялардың барлық өкілдері ағымдағы қызметтердің маңызды мәселелерін ортаға салып, алдағы жылға арналған жобалар мен жоспарларды талқылайды.

Осы мәжілістің күн тәртібінде қауымдастықтың Атқару комитетінің 2016 жылы атқарылған жұмыстар туралы есебі тыңдалды, 2017 жылға арналған KAZENERGY Жылдық жұмыс жоспары мен мақсатты жобалар тізімі, сонымен қатар «ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» халықаралық мамандандырылған көрмесі шеңберінде қауымдастық өткізетін бірқатар шараларды ұйымдастыру мәселелері де талқыланды.



Қауымдастық Төрағасы Тимур Құлыбаев мәжілісті аша отырып, өз сөзінде өткен жылдың мұнай-газ саласы үшін қиын болғанын – дүниежүзілік энергетикалық нарықта баға күрт құлдырап, мұнай-газ компаниялары инвестициялық бағдарламаларды іске асыруда біраз қиындықтарға ұшырағанын атап өтті.

Отандық мұнай-газ компанияларына келтірілетін жағымсыз әсерлерді барынша азайту үшін Қазақстан Үкіметі ең алдымен салық және экологиялық заңнама саласында

бірқатар жүйелі шаралар қабылдады. «Kazenergy» қауымдастығы бұл жұмыстарға бесленді қатысты және биыл да оны жалғастыра бермек.

2017 жылы Мемлекет басшысының халықаралық саясатының арқасында Қазақстан EXPO-2017 «Болашақ энергиясы» халықаралық мамандандырылған көрмесін қабылдайды. KAZENERGY қауымдастығы осы ұлттық жобаға қолдау көрсетуге ерекше назар аударып отыр. Қауымдастықтың бастамасымен ЭКСПО шеңберінде БҰҰ қамқорлығымен Министрлік конференция және Тұрақты даму энергетикасы жөніндегі сегізінші халықаралық форумды өткізу қолға алынып отыр.

Көрменің барлық шараларының қорытынды құжаты – Құндылықтар манифесіне кіретін Министрлік декларацияны қабылдау жоспарланған.

Астана қаласында Мемлекет басшысы бастама етіп көтерген, БҰҰ қамқорлығымен «Жасыл» технологиялар мен инвестициялық жобаларды дамыту жөніндегі халықаралық орталықты құру туралы әлемдік қауымдастықтың шешімі министрлер деңгейіндегі маңызды оқиғалардың бірі болмақ.

Оған қоса ЭКСПО жабылатын кезде қауымдастық «Болашақ энергиясын құру» атты XI Еуразиялық KAZENERGY форумын өткізеді.

Форум алаңында елдің отын-энергетика кешенін дамыту жөніндегі жаңартылған статистикалық және аналитикалық материалдарды қамтитын KAZENERGY-2017 ұлттық энергетикалық баяндамасы таныстырылатынын атап өткен жөн.

Қауымдастық төрағасының айтуынша, ЭКСПО-ның табысты өтуіне, сон сияқты елдің мұнай-газ және электр энергетикалық кешенінің келешектегі рөлін жалпы айқындауда бұл жобалардың маңызы зор.

Қатысушыларға қауымдастық жұмысы туралы KAZENERGY бас директоры Болат Ақшолақов әңгімеледі. Ол өз есебінде қауымда-

стықтың басты функционалдық қызметтерінің нәтижелеріне талдау жасады, атап айтқанда: жер қойнауын пайдалану және мұнай өнімдерінің айналымы, салық салу, экология, техникалық реттеу, энергетика, адами капиталды дамыту және халықаралық қызметтер, яғни ол мұнай-газ саласында қажет етіліп отырған барлық өзекті мәселелерді айтып өтті. Қауымдастық заңнама саласындағы шешімдерді талқылау және пысықтау жұмыстарына бір жыл бойы жоғарғы деңгейде қатысты. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекске, Сатып алу қағидасына және басқаларына ерекше көңіл бөлінді.



Тағы да бір маңызды сала – салық салу саласы. Болат Ақшолақовтың баяндамасында айтылғандай, мемлекеттік органдар тұжырымдамалық салық ұсыныстары пакетінен әрі қарай талқылауға төрт мәселені қабылдады. Қауымдастық мүшелерінің кейбір түзетулері Салық кодексіне енгізілді.

Қауымдастық мынадай ұсыныстар ұсынды: парниктік газдардың шығарындыларын реттеу және қоршаған ортаға эмиссиялау нормативтерінен асырғаны үшін жауаптылықты реттеу саласында, технологиялық бұзылулар және жабдықтардың ақаулары кезінде газды өртеу, техникалық реттеу және стандарттау, Салалық біліктілік шеңбері нормалары бойынша, Орхус конвенциясын іске асыру, Каспий теңізіне мұнайдың апаттық төгілулері бойынша және көптеген басқа да мәселелер бойынша.

KAZENERGY төрт жылдан бері жалғастырып келе жатқан білім беру бағдарламасы туралы айтар болсақ, былтыр Солтүстік Каспий және Қарашығанақ жобаларының қаражаты есебінен 2016-2017 жылғы оқу жылына оқу ақысын төлейтін білім грантта-

ры 590 қазақстандық студентке берілді (1 млн. АҚШ доллары сома-сында). Студенттер күрделі екі деңгейлік байқаудан өтті. Сонымен қатар 2016-2017 оқу жылына арналған KAZENERGY атаулы шәкіртақысы ҚР ЖОО 16 студентіне және колледждердің 15 студентіне берілді.

Жалпы берілген Есепті қауымдастық мүшелері зор ықыласпен тыңдады, олар істелген жұмыстарға қолдау көрсетіп, оны әрі қарай жалғастыру бойынша оң пікірлерін білдірді.

Сондай-ақ Болат Ақшолоқов қатысушыларды биылғы 2017 жылға арналған KAZENERGY жұмыс жоспары туралы хабардар етті. Қауымдастық биыл да «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану» кодексын және басқа да құқықтық актілерді, қала құрылысы туралы және архитектуралық құжаттамаларды, сонымен қатар стандарттау бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу жұмыстарына қатысуын жалғастырмақ. Бірлескен салық және кеден кодексын қалыптастыру бойынша жұмыстарға баса назар аударылады.



Биылғы жылы «Kazenergy-2017» ұлттық энергетикалық баяндамасының 3-ші редакциясы бойынша жұмыстарды бастау жоспарланып отыр. Бұл жоба республиканың барлық сарапшылық қауымдастығы үшін маңызды оқиға болып табылады және оған әрдайым көпшілік қызығушылық танытады. Мемлекет пен бизнес-қауымдастық маңызды әрі қарапайым шешімдерді қабылдаған кезде баяндама негізінде жасалған тұжырымдар мен ұсыныстардың көмегі тиеді.

Қауымдастықтың атқарушы директоры Рамазан Жампейісов «ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» халықаралық мамандандырылған көрмесі шеңберінде қауымдастық шара-


ларын іске асыру туралы» баяндама жасады. Халықаралық көрме шеңберінде қауымдастық бірқатар маңызды шараларды, оның ішінде: БҰҰ бес аймақтық комиссиясының (ЕЭК, ЭСКАТО, ЭКЛАК, ЭСКАЗА, ЭКА) қамқорлығымен өтетін Министрлік конференцияны және «Энергетиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету» деп жалпылама аталатын 8-ші Халықаралық форумды (2017 ж. 11-14 маусым), сонымен қатар «Болашақ энергиясы» XI Еуразиялық KAZENERGY форумын ұйымдастыратынын атап көрсетті. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен бұл оқиғалардың ЭКСПО-ның маңызды оқиғалар тізіміне енгізілгенін атап өткен жөн.

XI Еуразиялық KAZENERGY форумы Министрлік энергетикалық конференция және 8-ші Халықаралық форум шеңберінде басталған саяси диалогтың салалар мен компаниялар деңгейіндегі жалғасы болмақ. Форум алаңында дүниежүзілік энергетикалық бизнестің басшылары мен өкілдері саланы әрі қарай дамыту жолдарын талқылайды және Ғаламдық Күн тәртібі 2030 негізгі міндеттеріне қол жеткізу мақсатында үкіметпен өзара әрекеттесу және өңірлік аспектілер тұрғысында тұрақты энергетиканы қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстар әзірлейді.



Қауымдастық Төрағасы Тимур Құлыбаев кеңесті қорытындылай келе KAZENERGY қауымдастығының 6 жаңа мүшесін - «Маерск Ойл Қазақстан ГмБХ», «MOL (FED) Kazakhstan B.V.», «OMV Petrom S.A.», China Petrochemical Corporation (Чайна Петрокемикал Корпорейшн) компаниясының ҚР-дағы өкілдігі, «ҚМӨЗ» ЖШС, «Жобақұрылыссервис» ЖШС-ны мүшеліктерімен құттықтап, сертификат тапсырды.

Салтанатты бөлім әрі қарай жалғасты. Мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі үшін, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға зор үлес қосқаны үшін KAZENERGY қауымдастығының атқарушы директоры Жампейісов Рамазан Көпесбайұлы Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталды. Награданы қауымдастық Төрағасы Тимур Құлыбаев табыс етті.



ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА СЕРІКТЕСІ



АССОЦИАЦИЯ
ВОЗОБНОВЛЯЕМОЙ
ЭНЕРГЕТИКИ
КАЗАХСТАНА

KAZENERGY мен Қазақстан жаңармалы энергетика қауымдастығы (ҚЖЭҚ) Қазақстанда жаңармалы энергетиканы тұрақты дамытуға бірлесіп кірісуде.

KAZENERGY мен «ҚЖЭҚ» Қазақстан жаңармалы энергетика қауымдастығы жаңармалы энергетика саласында өз қызметтерін жүзеге асыратын қазақстандық кәсіпорындарға көмек көрсету және біздің елімізде осы секторды дамыту мақсатында күш жұмылдыруды көздейтін Серіктестік туралы келісімге қол қойды.

Серіктестер жаңармалы энергия өндірісінің тиімділігіне арналған көрмелер, конференциялар, семинарлар, кездесулер және басқа да шараларға белсенді түрде қатысады деп жоспарланып отыр. Мұндай шаралар іскерлік және мәдени қатынастарды кеңейтуге мүмкіндік береді және қазақстандық және шетелдік компаниялар арасындағы достық байланыстарды тереңдетуге жол ашады.

ӨНДІРІСТІК САЛАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ БАСТАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ



10-ақпанда KAZENERGY қауымдастығы Жұмыс тобының Өндірістік саланың ашықтығы бастамасын (ӨСАБ) іске асыру жөніндегі мәжілісі өтті

Қауымдастық мүшелері 2017 жылға арналған бенефициарлық құқықты ашу, Қазақстан Республикасының валидтеуден өтуге даярлығы (яғни енгізуді бағалау) және басқа да

мәселелер бойынша жоспарлар мен міндеттерді талқылады.

Компаниялар өздерінің бенефициарларын ашу жөнінде Жол картасы бойынша іс-қимылдарды Ұлттық кеңестің барлық мүдделі тараптармен бірлесіп іске асырудың маңыздылығын атап көрсетті және осы жұмыстарға белсенді түрде қатысуға даяр екендіктерін білдірді.

Оған қоса қатысушылар жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың ӨСАБ-қа ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындар бойынша есептілікті енгізу мәселелерін қарады және осы тақырып бойынша қосымша кеңес өткізуге келісті.

Мәжіліс барысында NCOC мемлекеттік органдармен әрекеттестік ету және сыртқы байланыстар жөніндегі үйлестірушісі *Кемелов Олжас* тіл тыйып кепестің мұнай-газ компаниялары тарабынан мүшесі дәрежесінде бекітілді. KAZENERGY қауымдастығы, Шелл Қазақстан және Шеврон өкілдері де осы Кеңестің мүшелері болып табылады.



ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ ІШКИ НАРЫҒЫ»



Мұнайшылар Қазақстан Республикасының мұнай өнімдері нарығының ҚР Энергетика министрлігі бастама көтерген мәселелерін талқылады

Биылғы жылдың 15-ақпанында «KAZENERGY» қауымдастығында Қазақстан Республикасы энергетика вице-министрі Ә.М.Мағауовтың төрағалық етуімен «Қазақстан Республикасы мұнай өнімдерінің ішкі нарығы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Шараның «ҚазМұнайГаз» АҚ, «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ, «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС, «Қазақстан отын қауымдастығы 1» ЗТЖКБ, «PetroSun» ЖШС, «Гелиос» ЖШС, «МГААО» АҚ сияқты қатысушылары мұнай өнімдеріне бөлшек сауда нарығында баға белгілеу және тұтыну-дың, сонымен қатар Ресей Федераци-

ясынан (РФ) әкелінетін жанар-жағармай материалдарының (ЖЖМ) импортына баға белгілеудің өзекті мәселелерін талқылады.

KAZENERGY Бас директоры Болат Ақшолоақов дөңгелек үстелдің ашылуында Қазақстан Республикасындағы мұнай өнімдерінің ішкі нарығы тұтынушылар үшін барынша ашық екенін атап көрсетті және жиналған энергетиктерді ғана емес, отандық БАҚ өкілдерін де саланың барлық маңызды мәселелерін талқылауға ұсынуға шақырды.

Дөңгелек үстелдің күн тәртібіне мына компаниялардың өкілдерінің баяндамасы енгізілді:

«ИАЦНГ» АҚ баяндамасының тақырыбы: «2000-2016 жылдар ішінде халық және автомобиль санының өсуі динамикасына қатысты 2000 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі мұнай өнімдерін тұтыну динамикасы»,

«ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ баяндамасының тақырыбы: «Қабылданатын шараларды халыққа жариялау мақсатында ҚР МӨЗ қайта құру және жаңарту»,

«PetroSun» ЖШС баяндамасының тақырыбы: «Мұнай өнімдерін республика аймақтарына тарату меха-

низмі»,

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС баяндамасының тақырыбы: «ЖЖМ-ны франчайзинг жолымен дамыту»,

«Гелиос» ЖШС баяндамасының тақырыбы: «ҚР мұнай өнімдеріне бөлшек сауда нарығында баға белгілеу, сонымен қатар РФ-дан әкелінетін ЖЖМ импортына баға белгілеу».



Осылайша «МГААО» АҚ аналитика және жобаларды талдау департаментінің директоры Бағдат Қадыров елдегі 2001-2006 жылдар кезеңіндегі мұнай өнімдерін тұтыну-дың өсуі туралы әңгімеледі. Жеңіл автокөлік саны 1000 бірлікке өскенде, мұнай өнімдерін тұтыну екі есе өседі екен. Сонымен қатар энергетиктер 2030 жылға қарай автомобиль саны өсетіні тура-

лы өз болжамдарын айтты: 1000 адамға 235 автомобиль болатын - қазіргі көрсеткішпен салыстырғанда 2030 жылға қарай 1000 адамға 310 автомобиль болады деп күтілуде.

Өз кезегінде «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС өкілі Нұркен Мырзағалиев дөңгелек үстелдің қатысушыларына Қазақстанда ЖЖМҚ жүйесінің франчайзинг сызбасы бойынша дамуы, оның жағымды нәтижелері, әлеуетті серіктестерге қойылатын талаптар және жобаны іске асырудың ағымдағы мәртебесі туралы баяндады. Нұркен Мырзағалиев франчайзинг басымдықтары туралы айта келе «ҚазМұнайГаз» брендімен жұмыс істей отырып ЖЖМҚ бекеттеріне клиентерді тартуға үлкен мүмкіндіктер мен ЖЖМҚ отыны мен тауарларын өткізу кепілдіктері берілетінін атап өтті.

Мұнай отынының тұтынушыларын қызықтыратын басты тақырып – мұнай өнімдері нарығында баға белгілеу тақырыбын «Гелиос» ЖШС логистика блогының директоры Артур

Нам қозғады. Сарапшы ҚР аумағымен тасымалдау бойынша теміржол тарифтерін, сонымен қатар мұнай базалары мен ЖЖМҚ шығындарын қоса алғанда, ЖЖМ сату тізбегінің звенолары бойынша шығындар құрылымы туралы толық әңгімелеп берді. Оған қоса «Гелиос» өкілдері бензиннің өзіндік құнын есептеп көрсетті. Осылайша көп сұранысқа ие бір литр АИ-92 бензинінің бағасы 137-139 теңге болды. Қазақстан нарығына өзімізде өндіретін бензиннің тапшылығы қаты әсер ететіні атап көрсетілді, десек те «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ Бас директорының маркетинг жөніндегі орынбасары Данияр Сатыбалдиннің болжамы бойынша келесі жылдың өзінде Қазақстан өзін-өзі бензинмен қамтамасыз ете алатын болады. Энергетиктер Қазақстан Республикасында Атырау, Павлодар және Шымкент қалаларындағы үш мұнай өңдейтін зауытында қайта құру және жаңарту процестері аяқталатынын хабарлады. Мұның өзі бензин өндірісін жылына 1100 мың тон-

надан 2270 мың тоннаға дейін, дизельдік отын өндірісін жылына 1200 мың тоннадан 1900 мың тоннаға дейін, ал авиаотын өндіруді 235 мың тоннадан 400 мың тоннаға дейін арттырады.

Дөңгелек үстел мәжілісін қорыта келе Энергетика вице-министрі Әсет Мағауов компаниялардың қажеттілігін, жұмыс орындарын сақтап қалу үшін және жалпы нарыққа қолдау көрсету үшін министрліктің жаңа салық кодексін және жер қойнауы туралы кодексін әзірлеу кезінде жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу тарауына белгілі бір өзгерістер енгізбекші болып отырғанын мәлімдеді.



ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕСІ: «ГАЗДЫ ҚАБАТҚА КЕРІ АЙДАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»



24-ақпанда «Газды қабатқа кері айдаудың өзекті мәселелері» деген тақырыппен KAZENERGY қауымдастығы Ғылыми-техникалық кеңесінің 17-мәжілісі өтті.

Осы кездесудің күн тәртібі бойынша алып кен орындары Қашаған, Қарашығанақ және Теңізде газды қабатқа кері айдау технологиясы талқыланды.

Мәжілісте «PSA», «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» (КПО), «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» (НКОК)

және «Теңізшевройл» (ТШО) компанияларының өкілдері сөз сөйледі.

Қашаған мен Қарашығанақ кен орындарында газды кері айдау туралы айта келе «PSA» ЖШС жобаларды басқару жөніндегі басқарушы директоры Хасанов Бақытжан Кеңесұлы кен орындарын игеру процестеріне баға берді. Баяндамашы кен орындарындағы ұңғымалардың динамикалық сипаттамасы туралы айтып берді. Қашаған кен орны тәжірибелік-өндірістік игеру (ТӨИ) сатысында. Келешекте шикі газ айдайтын қосымша компрессорларды іске қосу арқылы мұнай өндіруді ұлғайту жоспарланып отыр. Сонымен қатар Теңіз кен орнында шикі газды айдауға (ШГА) қатысты «Теңізшевройл» ЖШС Кен орындарын Игеру Басқармасының газ айдау тобының басшысы Айтжанов Абзал сөз сөй-

леді. Ол осы жобаның қабаттық қысымды қолдау арқылы мұнай өндіруді арттыруға және жақсартуға, сонымен қатар екінші буынды зауыты (ЕБЗ) жүксіздендіру есебінен өндіруді ұлғайтуға мүмкіндік беретінін айтып өтті. Айтжановтың айтуынша компрессор жұмысы, айдау ұңғымасының қабылдағыштығы, ұңғыма ұңғысының орнықтылығы және қабат өнімділігі ЕБЗ табыстылық көрсеткішіне әсер етті. Компания компрессорларды қолдануды жалғатсыруды жоспарлап отыр және жуық арада олардың санын арттырмақ.





«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» өкілдері – әзірлеуші-инженер Қалиев Бақытжан және әзірлеуші-аға геолог Қасенов Әлібек Қарашығанақ газ конденсатты кен орнындағы газды кері айдау тәжірибесі туралы әңгімелеп берді. Сарапшылар газ айдау бойынша жобаны басқаруды оңтайландыруға және жақсартуға көмектесетін қабаттың үш өлшемді геологиялық-математикалық моделінің геологиялық және қабаттық зерттеу әдістерін атап көрсетті.

«НКОК» Техникалық Директораты техникалық реттеу бөлімінің басшысы Зейнеп Есболатова өз кезегінде Қашаған кен орнындағы игеру және газ айдау жұмыстары туралы баяндама жасады. Зейнеп Есболатова

Солтүстік Каспийдің кен орнын игеруге келтіретін өзіндік қиындықтары бар екенін атап өтті. Кен орнын игеру жұмыстары қабаттық флюидтер құрамында күкіртті сутегі жоғары және аса жоғары қабаттық қысымы бар күрделі геологиялық жағдайларда жүргізіледі. Кен орнындағы мұнай операциялары халық денсаулығы мен Қазақстан экономикасы үшін маңызы зор әрі халықаралық игілік болып табылатын ауданның экологиясы мен биоресурсына барынша аз әсер ететіндей өте сақтықпен жүргізіледі. Есболатованың айтуынша газ айдау үшін қажетті меморгандардан талап етілетін барлық құжаттар әзір тұр және бекітілген. Газды кері айдау бойынша тәжірибелік-өндірістік жұмыстар биылғы жылдың екінші тоқсанында басталады деп жоспарлануда.

KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының кеңесшісі Сатимов Арман Нұрланұлы газ айдау мәселесі газ өндірісінде басты мәселе болып табылатынын атап өтті және жер қойнауын пайдаланушылардың

мәселелерін жобалау институттарының, мемлекеттік органдардың және басқа да мүдделі тараптардың өкілдерін қатыстыра отырып, жеке мәжілістерде қарауды ұсынды.

Жалпы алғанда барлық баяндамашылардың сөйлеген сөздерін мәжіліске қатысушылар зор қызығушылықпен тыңдап, қызу талқылады және әрқайсысы өз пікірлері мен ұсыныстарын ұсынды.

Мәжіліс қорытындысында Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы барлық баяндамашыларға осы бағытты ЖОО-ларда дамыту, зерттеу орталықтарын тарту, сондай-ақ осы материалдардың ғылыми-техникалық журналдарда жариялануын қарастыру жөнінде ұсыныс тастады.



3-ШІ «ҰЛТТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА» ЕХРО-2017 «БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫ» ШЕҢБЕРІНДЕ ҰСЫНЫЛАДЫ



KAZENERGY қауымдастығы ЕХРО-2017 «Болашақ энергиясы» халықаралық мамандандырылған көрмесіне орайластырылған 3-ші Ұлттық энергетикалық баяндаманы әзірлеуге кірісті.

24-ақпанда Ұзақбай Қарабалиннің төрағалық етуімен Басқарушы комитеттің Бірінші жұмыс мәжілісі өтті. «ҰЭБ алғашқы екі шығарылымына, - деді ол, - сарапшылық орта, сол сияқты мемлекеттік органдар мен салалық компания

өкілдері де оң баға берді. Сол себепті қауымдастық осы жұмысты биыл да жалғастырғалы отыр, оған бұрынғы халықаралық кеңесшілерді – IHS Markit компаниясын тартпақ».

Қарабалиннің айтуынша соңғы екі жылда елдің саяси және экономикалық өмірінде энергетикалық секторға тікелей әсер ететін елеулі өзгерістер болды. Осыған байланысты баяндамада сала алдында тұрған ең өткір мәселелер мен сын-қатерлерге, сонымен қатар оларды шешетін кешенді қалыптастыруға басты назар аудару керек. ҰЭБ-да берілген ұсыныстарда қауымдастықтың барлық мүшелерінің, оған қоса жалпы мемлекеттің де мүддесі балансталып, ескерілуі тиіс. Бұл жұмыстар энергетикалық нарықтың барлық қатысушыларымен тығыз қарым-қатынаста жүргізілуі



шарт. Дәл осы тұрғыдан, - деп атап көрсетті қауымдастық Төрағасының орынбасары, - KAZENERGY атынан баяндаманы әзірлеу және бекітуге байланысты шешімдерді қабылдайтын жалғыз орган - Басқарушы комитетті құру туралы шешім қабылданды.

Қауымдастық серіктестері – IHS сарапшылары өз кезегінде баяндаманы даярлаудың ортақ тәсілдері тура-

лы әңгімелеп берді. IHS Markit директорының орынбасары Полина Миренкова жалпы ақпарат ұсынып, ҰЭБ жобасының негізгі бағыттары туралы айтып берді.

IHS Markit басқарушы директоры Мэтт Сейгерс дүниежүзілік энергетиканың басты үрдістері және оның Қазақстан нарығына әсері туралы өзінің ой-пікірін ортаға салды. Ол жер-жерде жаңармалы энергия көздерін қолдану өсіп келе жатқанына қарамастан таяудағы

онжылдықта дәстүрлі энергия ресурстарына деген сұраныс дами түсетінін, мұның өзі қазақстандық отын-энергетика саласының даму перспективасына оң әсерін тигізетінін атап көрсетті.

Талқылаулардың қорытындысы бойынша мәжіліске қатысушылар осы аналитикалық еңбекте бейнеленетін маңызды жайттар жөнінде өздерінің ұсыныстары мен түсініктемелерін айтып өтті.

Комитеттің келесі мәжілісі маусымның басында өтеді деп жоспарланды.



БІРІНШІ РЕСМИ ҚАТЫСУШЫЛАР

Еуропалық Комиссияның Энергетикалық одақ мәселелері жөніндегі Вице-президенті **МАРОШ ШЕФЧОВИЧ** пен

Энергетикалық Хартияның Бас Хатшысы **УРБАН РУСНАК**

2017 жылы 11-14 маусымда Астанада өтетін Министрлік конференция мен Энергетика жөніндегі сегізінші халықаралық форумға өздерінің қатысатынын ресми түрде растағанын зор қуанышпен хабарлаймыз.



ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА МҮШЕЛЕРІ

KAZENERGY қауымдастығының құрамына алты компания кірді:

«Маерск Ойл Қазақстан ГмБХ»,

«MOL (FED) Kazakhstan B.V.»,

«OMV Petrom S.A.»,

China Petrochemical Corporation компаниясының ҚР-дағы өкілдігі,

«ҚМӨЗ» ЖШС,

«Жобалауқұрылыссервис» ЖШС.

Ministerial Conference
and 8-th International Forum



Government
of the Republic
of Kazakhstan



UNECE
ESCAP
ESCWA
ECLAC
UNECA

MEETING
THE CHALLENGE
OF SUSTAINABLE
ENERGY

11-14 June 2017
Astana, Kazakhstan



По вопросам размещения информации в бюллетене обращайтесь в пресс-службу Ассоциации KAZENERGY
s.ismailova@kazenergy.com
b.zeinelova@kazenergy.com
Тел: +7(7172) 710181, 790173